



басшысы қоғамды алаңдатқан күрделі сұрақтарға нақты жауап беріп, қабылданып жатқан шешімдердің мәні мен маңызын түсіндірді. Бұл өз кезегінде халық пен билік арасындағы өзара түсіністікті нығайтып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына оң ықпал етеді.

Сұхбат барысында Президент қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағын қамтамасыз ету үшін түбегейлі өзгерістердің қажеттігі туралы нақты әрі орнықты айтты. Жаһандық сын-қатерлер, технологиялық даму, еңбек нарығындағы өзгерістер мен әлеуметтік талаптардың артуы мемле-

кет пен қоғамды бұрынғы қалыптасқан көзқарастарды қайта қарауға мәжбүр етіп отыр. Болашаққа бейжай қарамайтын ел үшін жастардың сапалы білім алуы, әділетті ортада өмір сүруі және өз әлеуетін толық жүзеге асыра алуы – өте маңызды.

Президент сұхбатын оқи отырып, еліміздегі өзгерістердің тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейтінін аңғардық. Нақты нәтижелер адамның өмір сапасынан, әлеуметтік әділеттіліктен, заңның үстемдігінен және болашаққа деген сенімінен көрінеді. Өскелең ұрпақ өз

елінде адал еңбегімен табысқа жетуге болатынына көз жеткізгенде ғана, мемлекеттің дамуы орнықты әрі ұзақ мерзімді сипат алады. Осы тұрғыдан алғанда, түбегейлі өзгерістер – уақытша науқан емес, ұлттың болашағын айқындайтын тарихи таңдау. Қоғамның бұл үдеріске саналы түрде қолдау білдіруі, ал мемлекеттің жауапты әрі жүйелі саясат жүргізуі жастарға берілген ең үлкен инвестиция болмақ.

Біз жоғары білім саласында қызмет етіп жүргендіктен жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, оның

ӘДІЛЕТТІ ОРТА МЕН САПАЛЫ БІЛІМ



жан-жақты дамуына жағдай жасауды ең маңызды міндеттердің бірі деп білеміз. Олардың интеллектуалдық әлеуетін арттырумен қатар, тұлғалық, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға да ерекше мән береміз. Мемлекет басшысының өскелең ұрпақтың жарқын болашағын қамтамасыз ету үшін түбегейлі өзгерістердің қажеттігі туралы ұстанымы –біз үшін ортақ әрі қолдауға лайық бағыт.

Жалпы, Президенттің мерзімді баспасөзбен тұрақты байланысы сөз бостандығы мен ашық ақпарат кеңістігін дамытуға бағытталған қадам деп түсінемін.

**ЕРМЕК БӨРІБАЕВ,
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫ-
РЕКТОРЫ, З.Ф.Д., ПРОФЕССОР.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерзімді баспасөзге дәстүрлі сұхбат беруі президенттің қоғаммен тікелей, ашық әрі жүйелі диалог орнатуының айқын көрінісі. Ауқымды сұхбат президенттің халық алдындағы есептілігін күшейтіп, азаматтардың саяси үдерістерге деген сенімін арттыра түсті. Сұхбат формалды есеп беру шеңберімен шектелмей, елдің ішкі және сыртқы саясатына қатысты өзекті мәселелерді қамтуымен ерекшеленді. Мемлекет

Итальян тілі курсы: РЕКТОР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы - ректор Ермек Бөрібаев итальян тілін меңгеру курстарына қатысушы студенттер және оқытушылармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында ректор шет тілін меңгерудің маңыздылығын атап өтіп, курс тыңдаушыларына жемісті нәтиже мен сәттілік тіледі.

Итальян тілін оқыту курстары 2026 жылғы 12 қаңтарда басталып, 3 шілдеге дейін жалғасады. Курстың негізгі мақсаты – тыңдаушылардың итальян тілін А2 деңгейінде меңгеруіне мүмкіндік жасау.

Аталған курстар «Агрономия» – «Ауылшаруашылық ғылымдары мен технологиялары» атты қосдипломды білім беру бағдарламасы аясында ұйымдастырылып отыр.

Бағдарлама Жетісу университеті мен Италияның Марке политехникалық университеті (UNIVPM) арасындағы ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылуда.

Сабақтарды итальян тілі пәнінің оқытушысы, қауымдастырылған профессор Алессандро Грасси жүргізеді. Оқу үдерісі Moodle білім беру платформасы мен Zoom онлайн платформасы арқылы ұйымдастырылған.

Курстарға «Агрономия» білім беру бағдарламасының оқытушылары мен білім алушылары қатысып жатыр.



«ЖАСЫЛ ХАКАТОН – 2026» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында студенттер арасында «Жасыл хакатон – 2026» экологиялық инновациялық идеялар байқауы өтті. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын байқау жастардың қоршаған ортаны қорғауға бағытталған тың жобаларын қолдауды мақсат етеді.

Табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу, сондай-ақ смарт-экологиялық шешімдер – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Елдегі экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсыну – ғаламдық деңгейдегі маңызды міндеттердің қатарында. Осы орайда өткен байқау студенттердің белсенділігін арттырып, экологиялық жауапкершілікті нығайтуға бағытталды.

Хакатонға «Грин сайкл», «Экобэлэнс», «Эколоу», «Стар», Жансүгіров колледжінің командасы, «Грин хакерс», «Байоуолл тим», «Ворлд дестройер», «Жасыл білім», «Экодизайн», «Экобэнк», «Квантум лип», «ThePlastiCycle» сынды барлығы 13 команда қатысып, өз жобаларын қорғады.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев еліміздің болашағы табиғатқа жанашыр, экологиялық санасы жоғары жастардың қолында екенін атап өтті. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында айтқан «Таза Қазақстан» бастамасына тоқталып, бұл акцияның ұлттық идеологияның ажырамас бөлігіне айналғанын және оған белсене

қатысу жасампаз отаншылдықтың көрінісі екенін айтты.


Байқау жұмысына қазылық еткендер қатарында Жаратылыстану-техникалық факультетінің деканы, техника ғылымдарының докторы Ерлан Андасбаев, Жетісу облысы бойынша Экология департаменті басшысының орынбасары Азамат Тауырбеков, Жастар саясаты және әлеуметтік даму бөлімінің психологы Гульнара Исламжанова, Экология және ауылшаруашылық ғылымдар кафедрасының меңгерушісі Жамбыл Қанағатов, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімінің инженер-бағдарламашысы Арлан Керейбаев болды.

Ұсынылған жобалар қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу, ақылды қоқыс жәшіктері, экобақылау жүйелері, энергия тиімділігі мен жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, экологиялық білім беру және цифрлық шешімдер бағыттарын қамтыды.

Байқау қорытындысы бойынша I орынды «Ворлд дестройер» командасы иеленсе, II орын «Стар» командасына, III орын «Квантум лип» командасына бұйырды. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жер планетасы экологиялық дағдарысты бастан кешіп жатқанда университет студенттері де бейжай қарамай, қалдықтарды қайта өңдеу мен күн энергиясын тиімді пайдалану сияқты маңызды мәселелерге нақты шешім ұсына алатынын көрсетті. Олардың тың идеялары – еліміздің экологиялық қауіпсіз болашағына қосылған сүбелі үлес болды.

ЫНТАЛЫ ЖОБАЛАРДЫ ҰМҒТСО ЖҮЙЕСІНДЕ ТІРКЕУ



2026 жылғы 19 қаңтарда жас ғалымдарға арналған «Ынталы ғылыми жобаларды Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының (ҰМҒТСО) жүйесінде тіркеу» тақырыбында университетішілік семинар өтті.

Семинарға «Jas galym» ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттық қаржыландыру конкурсы аясындағы жоба жетекшілері қатысты.

Семинардың негізгі мақсаты – ынталы ғылыми жобаларды ҰМҒТСО жүйесінде тіркеу тәртібін түсіндіру, сондай-ақ жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған жобаларын әдістемелік қолдау көрсету.

Семинар барысында Ғылыми жобалар және технологияларды коммерцияландыру кеңсесінің менеджері Талшын Жаирбекова ҰМҒТСО жүйесінде ынталы жобаларды тіркеудің негізгі кезеңдеріне тоқталды. Атап айтқанда, жүйеде тіркелу тәртібі, жоба деректерін енгізуге қойылатын талаптар,

қажетті құжаттарды жүктеу ережелері, сондай-ақ жобаларды тіркеу кезінде жиі кездесетін қателіктер мен оларды болдырмау жолдары кеңінен түсіндірілді.

Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Лаззат Карашолакова рәсімделу кезеңдері, сондай-ақ ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың өзекті мәселелері бойынша өз ойымен бөлісті.

Сонымен қатар жобаларды тіркеу барысында технологиялардың дайындық деңгейін айқындау мәселелері бойынша Ғылыми жобалар және технологияларды коммерцияландыру кеңсесінің басшысы Айнура Кайкибаева түсіндірме берді. Қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға толық әрі нақты жауаптар берілді.

Семинар қорытындысы бойынша қатысушылар ҰМҒТСО жүйесінде ынталы ғылыми жобаларды тіркеу жөнінде қажетті ақпарат алды. Өткізілген іс-шара жас ғалымдардың коммерцияландыруға бағытталған жобаларын сапалы дайындауына және уақтылы ұсынуына мүмкіндік берді.

СТУДЕНТТЕР ЖИ КӨМЕГІМЕН БОЛАШАҚТЫ БЕЙНЕЛЕДІ

Жасанды интеллект – тек технологиялық жаңалық емес, ол білім мен ғылым саласының дамуына серпін беретін жаңа бағыт.

«AI Sana» бағдарламасы білім беру жүйесі мен ғылым саласын цифрлық трансформациялау жолында маңызды рөл атқарып, еліміздің технологиялық дамуына үлес қосатын жас мамандарды дайындауға зор мүмкіндік береді.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде студенттер арасында «AI SANA CONTEST: WE LEARN, CREATE, CHANGE THE FUTURE» атты республикалық байқау ұйымдастырылды. Байқау білім алушылардың жасанды интеллект құралдарын шығармашылық және техникалық тұрғыда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталды.

«Байқаудың негізгі мақсаты – жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен насихаттау, қысқа бейнероликтер форматындағы авторлық жобаларды қолдау, сондай-ақ визуалды және дыбыстық контент жасаудағы жиі әлеуетін көрсету. Байқауға өтінім қабылдау 2026 жылғы 18 қаңтарда басталды. Білім алушылардан барлығы 62 өтінім келіп түсті. Жалпы, студенттердің шығармашылық және технологиялық әлеуеті жоғары екені додада айқын көрінді», – дейді байқау комиссиясының төрағасы, Цифрландыру және стратегиялық даму жөніндегі проректор Тимур Жұмағұлов.

Студенттер көзімен болашақты айқындайтын байқау «Үздік сахналық сюжет», «Үздік визуалды генерация», «Үздік дыбыстық/музыкалық композиция» атты үш номинация бойынша өтті. Төрелік еткен қазылар алқасының құрамында Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің директоры Шыңғыс Нұрғожаев, Цифрландыру және

техникалық қамтамасыз ету департаменті директорының міндетін атқарушы Дәулет Батырбеков, Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының меңгерушісі Қыдырәлі Ахмет, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Жайлау Ерасыл, Физика және математика кафедрасының оқытушы-лекторы Жалғас Ахметов, Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының оқытушы-лекторы Әсел Оразбаева, Шығармашылық білім беру кафедрасының оқытушы-ассистенті Арслан Барақов болды.

«Үздік сахналық сюжет» номинациясы бойынша жүлделі I орынды Мүсілім Аймара, II орынды Лаура Байбатырова, III орынды Тен Виктория иеленді.

«Үздік визуалды генерация» номинациясы бойынша I орынды Амангелді Рахат, II орынды Есімбек Роксана, III орынды Ерғали Әли жеңіп алды.

«Үздік дыбыстық (музыкалық) композиция» номинациясында I орынға Әсетхан Нұрасыл Әділұлы, II орынға Бақытжанқызы Аружан, III орынға Ежелев Максим ие болды.

«Қазіргі уақытта әлемді жасанды интеллектсіз елестету қиын. Біз ChatGPT, DALL-E, Midjourney, Runway және ElevenLabs сияқты нейрожелілерді пайдалана отырып, болашақта Жетісу өңірінде туризмді қалай дамытуға болатынын және туған жеріміздің келешек келбетін көрсеттік», – дейді конкурсқа қатысушы Аймара Мүсілім.

Аталған байқау студенттердің шығармашылық әлеуетін арттырып қана қоймай, жасанды интеллект саласындағы білімдері мен тәжірибелерін шыңдауға, сондай-ақ болашақ цифрлық қоғамға бейім маман қалыптастыруға ықпал етеді, – дейді ұйымдастырушылар.

«ҚОЖАКЕЕВ ӘЛЕМІ» БАЙҚАУЫ



Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, сатира сардары Темірбек Қожакеевтің 100 жылдығына орай Жетісу университетінде «Қожакеев әлемі» атты республикалық байқау өтті.

Байқауға «Үздік ғылыми жұмыс», «Үздік баспасөз материалы», «Үздік видео материал» атылымдары бойынша еліміздің жоғары оқу орындарынан 21 студент қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша «Ең үздік ғылыми жоба» аталымы бойынша III орынды К. Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен келген студенттер Сымбат Әуелбек, Әдемі Сайнова, Махаббат Тұрдалы өзара бөлісті. Ал II орынды Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінен келген Айсер Бейсенғали мен Эльвина Валиева иеленді. Ал жүлделі I орын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінің студенті Мадина Мәдіге бұйырды.

«Ең үздік баспасөз материалы» аталымында III орын Шәкәрім университеті, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттері Аружан Тұрсын, Жұлдыз Кентбаева, Фариза Курбанбаеваға тиесілі болды. II орын Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Гүлшекер Сүлейменова мен Айтілес Жайшылыққа берілді. Үздік I орын Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің білімгері Мерей Амангелдіге табысталды.

«Ең үздік видео материалы» аталымы бойынша III орын Шәкәрім университетінің студенті Аймарал Рамазанға берілді. II орын I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері Ұлпан Акимжанова мен Шырын Рысбекке бұйырса, I орынды Бейсенбек Айбек қанжығалады.



Абай мұрасындағы қазақты ұлт ретінде қаралап, рухын жер қылатын сөйлемдерді алып тастау керек. Әлеуметтік желіден

Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе алмай шаңқылдап,
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап...- деп, олардың үрейлі түрін мазак, сықақ етеді, жұртқа күлкі болған екіжүзділігін әшкерелеп, мысқылдап күледі. Халық басындағы ауыртпалықтарды көріп, қатты күйзеледі. Пушкин, Лермонтов, Крылов мұраларын қазақ тіліне аударудағы мақсаты - олардың шығармаларын қазақ даласына таратып, бай- феодалдардың бейнесін әшкерелеуге, өз халқын рухани азықтандыруға күш салды.

Сонымен бірге, Абай сол қоғамдағы адамдардың өзара қатынасын, типтік бейнелерін ашып көрсетіп, оларға төн мінез-құлықтарды шебер суреттеді.

Арын сатқан мал үшін антұрғанның
Айтқан сөзі құрысын шыққан үні...
Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдап...
Абай адамның ішкі болмысын түзетуді бірінші орынға қояды. «Бес нәрседен қашық бол» деп өтірік, өсек, мақтаншақтық,

ланыстырады. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде ел ішіндегі енжарлықтың себептерін де дөп басады. Абай үшін ең үлкен дерт - надандық. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдері жастарды білімді дұрыс мақсатпен игеруге үндейді. Осы сынды және басқа да көп шығармасы дәл осы ғылым-білімге ұмтылуға, қараңғылықтан шығу, көзі ашық, көкірегі ояу адам болуға насихаттайды, ғылымды – адамның ойы мен рухын жетілдіретін күш деп санайды.

Абай дін мәселесіне де бейжай қарамаған, дүмше молда дін иелерінің халықты алдап келгендігін нағыз реалистікпен көрсеткен.

Наданның көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі...
Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі,
Мал құмар, көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?
Міне, бұл – дін иелерінің жұртты алдап-арбап, айла-амал-

Абайды қаншалықты деңгейде таныдық?

Әлеуметтік желідегі кара пиармен атын шығарғысы келгендердің осы тектес жазбаларына жауап ретінде өз ойымды жазуға «Абайтану» пәнінен «Абайды қаншалықты деңгейде таныдық?» деген тақырыпта эссе жазуға берген тапсырма ой тұрткі болды.

Абай Құнанбайұлы – өз дәуірінің әлеуметтік құбылыстарын терең талдап, адам мінезін, қоғамның кемшіліктерін, халық санасындағы теріс түсініктерді дәл көрсеткен тұлға. Абай мұрасы – тек поэзияда ғана емес, ұлттық танымды жаңартқан философияға толы ойлар жүйесі. Тақырыптың өзектілігін «Абайтану» пәнін оқығанда түсіндім. Абайдың шығармаларында кездесетін сын қазіргі қоғамда да мәнін жоймаған. Ақынның айтқан кемшіліктері – еріншектік, мақтаншақтық, надандық, әділетсіздік – бүгінгі күннің де өзекті мәселелері. Сондықтан, Абайдың сыншыл көзқарасының мәнін түсіну, оның кімге, не үшін бағытталғанын анықтау маңызды деп ойлаймын.

Абай шығармаларында қоғамның кемшіліктерін, адам мінезінің осал тұстарын, ел ішіндегі келеңсіздіктерді терең талдап, дәлелді көрсетеді. Абайдың сыны – өз халқын кемсіту емес, қайта ояту, түзету арқылы адамды адам етуді мақсат етеді.

Енді осы сын деп отырғанымызды жан-жақты қарастырып көрсек. Ақын алғашқы бір өлеңдерінде қоғам мен ел ішіндегі кемшіліктерді сынға алып, өз заманының әлеуметтік жағымсыз құбылыстарын ашық көрсетті. Би-болыстардың мансапқорлығы парақорлығы, парықсыздығы, жалтақ даңғой - лығының сатиралық өлеңдерінің негізгі тақырыбына арқау болды. «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде болыстыққа таласқан, халықтың қамын емес, жеке басының пайдасын күйттегендердің бейнесін келемеждейді. Бұл сын қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеумен қатар, елге үлгі болатын дұрыс жолды меңзейді.

Күн батқанша шабамын
Өрлі-бөрлі далпылдап..
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап...

еріншектік сияқты қасиеттер адамды адамдық жолдан тайдыратынын түсіндіреді. Ал кейбіреулер, ел билеуші өкімдердің қол астына кіріп, ұрлық-қарлықпен айналысып, жеңіл пайдаға құнықанын бейнелі жолдарымен-ақ көрсеткен:

Ұрлықпен мал табам деп
Егессе ауыл шабам деп
Сүйтіп құдай атады.
Мінез-құлықты түзеу Абайдың бұл тәрізді шығармаларында үнемі кездесіп, әлеуметтік қоғамдық мәселелермен ұштасып келеді.

Болмашы көкшіл,
Болсайшы көпшіл
Жан аямай кәсіп қыл, -деп кәсіп іздеп, еңбек етіп мал тап дейді.

Біреудің жақсылық істерін көре алмай, көктеніп жағасынан алып, аяғынан шалып, кедергі келтіруге тырысатындар үстем таптардың арасында жиі кездескен жайт. Бірін-бірі күндеуден басқаны білмейтін кертартпалардың көбейгенін көрген ақын, халық мүддесіне жат істерден кейінгі жастарды сақтандырып отырды.

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден, -дейді. Біріншіден, мал дәулетпен мақтанып, өзіңді артық санама, пәлелі жанға жолама, ол жарысудан, жармасудан жалықпас, күндестіктің соңы азап тарттырады дегенге меңзейді. Ақын адам мінезінің әртүрлі қырларын бір жағынан ашы сынап әрі халық мүддесіне қайшы келетін мінездерден сақтандырып, ақыл өсиетін айтып отырады.

Абай шығармашылығында сыни тақырыптар ерекше көзге түсіп, адамға ой салмай қоймайды. Сынның түпкі мақсаты – тәрбиелеу. Абай кемшілікті көрсетіп қана қоймай, одан шығатын жолды да ұсынады. Алдымен мінездің теріс қасиеттерін «бес дұшпан» атап, соңынан «асыл істерді» көрсетіп, адамды ізгілікке шақырады. Ақын қоғамдағы мәселенің түп-тамырын адамның рухани әлсіздігімен бай-

мен мал жинап, бұқара халықты үнемі езіп отырғандығын сипаттайтын ащы сарказм. Абайдай отарлық құрылысқа қарсы күрес ашып, келеңсіздіктерді батыл сынап, жауыздық әрекеттерді үнемі әшкерелеп отыру үшін рухы биік, мыңнан бір туатын толық адам, тұлға болу керек деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, қарапайым бір мысал келтірсем – ата-анамыз бізге ұрысқанда айтатыны: «Балам мен саған жақсы болсын деп ұрсамын, түзелсін, түзу жолда жүрсін деп ұрсамын. Менің ұрысқанымды көк көрме, егер саған жаным ашымас, үндемей қоя салып, бетіңмен жіберер едім, ал ол өз болашағына зиян». Осы қарапайым жанашыр сынның адамның ұрпағына деген астарлы ойлы мейірімін көрсетпей ме? Сын айту деген тек мініңді бетке басып, әшкерелеу деп түсінгеннен гөрі, түбінде саған жақсылық тілегенін де ұғынғанымыз жөн деп ойлаймын. Ұлы ақын Абай өзінің шығармаларында сол кездегі дәуір шындығын реалистік түрде бейнеледі, қараңғылыққа, кертартпалыққа қарсы аянбай күресті. Халқына ағартушылық идеяларын тарту еткен ақын мұрасының мәңгі жасайтындығының негізгі түйіні осында.

Абайды тану - шығармаларынан бөлек, ақынның өмір сүрген заманын, Абайдың ортасын танудан басталады. Әрине, ұлы ойшыл - Абайды тану мұнымен аяқталмайды. Бұл ұшықыры көрінбейтін сан түрлі тараптардан тұратын ауқымы кең тақырып. М.Мағауин айтқандай: «Қазақтың қасиетін тану - Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу - Абай тағылымын бағамдаудан байқалмақ. Абай-қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі- халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген заңғар».

Абай озық идеяларымен XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде айрықша орын алған қазақ халқының классик ақыны, өз заманының шындығын шебер бейнелеген, кейінгілерге өшпес мұра, асыл қазына қалдырған сыншыл реалист болып мәңгі есте қала бермек.

ҚҰМАРБЕК ЕРКЕЖАН
Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 3 курс студенті

ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ЭКОНОМИКАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаһандық экономиканың түбегейлі трансформациясы жағдайында жоғары оқу орындары тек білім берумен шектелмей, практикалық шешімдер мен инновациялардың орталығына айналуы тиіс. Осы тұрғыда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ESG қағидаттарын білім беру мен ғылыми зерттеулерге жүйелі түрде енгізіп, заманауи технологияларды дамытып, шағын және орта бизнесті қолдаудың тиімді экокүйесін қалыптастырып келеді. Университет студенттерге ғылыми идеяларды нақты, нарыққа бағытталған жобаларға айналдыруға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ тұрақты даму және ESG бағытындағы білім беруді стратегиялық басымдық ретінде қарастырады. Университет базасында өткізілетін халықаралық мектептер, арнайы курстар мен ғылыми іс-шаралар студенттер мен жас зерттеушілердің экологиялық жауапкершілік, әлеуметтік әділеттілік және корпоративтік басқару мәселелеріне терең үңілуіне жол ашады. ESG қағидаттары стартаптар мен қолданбалы зерттеулерге интеграцияланып, болашақ экономистер мен кәсіпкерлердің практикалық құзыреттерін қалыптастырады.

ҚазҰУ-дың инновациялық инфрақұрылымы - университеттің бәсекелік артықшылықтарының бірі. Технологияларды коммерцияландыру орталығы мен Farabi Hub алаңында ғылыми идеялар прототиптерге айналып, акселерация кезеңінен өтіп, инвесторлармен байланыс орна-

тылуда. Университеттің ғылыми әлеуеті нанотехнологиялардан бастап ғарыштық жобаларға дейінгі кең ауқымды қамтиды, бұл ҚазҰУ-ды еліміздегі жетекші ғылыми-инновациялық орталықтардың қатарына қосады.

ҚазҰУ студенттерге арналған кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін белсенді дамытып келеді. Стартап-инкубация бағдарламалары, бизнес-идеялар байқаулары, акселераторлар мен менторлық қолдау жүйесі студенттерге өз жобаларын іске асыруға нақты мүмкіндік береді. Университет студенттерге зертханаларға, жұмыс кеңістіктеріне және инвестициялық серіктестер желісіне қолжетімділік ұсына отырып, жастардың кәсіпкерлік әлеуетін ашуға жағдай жасайды.

Farabi Hub-тың дамуы мен халықаралық серіктестікке бағытталған инкубациялық бағдарламалардың іске қосылуы студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Өндірістік серіктестермен бірлескен акселерациялық жобалар жастарға нақты бизнес-ортада тәжірибе жинақтауға жағдай жасайды. Ал технологияларды коммерцияландыру жүйесі университеттің ғылыми әлеуетін шағын және орта бизнес үшін нақты экономикалық құндылыққа айналдырады.

2025 жылда ҚазҰУ-да экологиялық хаб ашылды, ол экология, жасыл технологиялар және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы оқу-тәжірибелік бағдарламаларды дамытуға арналған. Бұл хаб студенттер мен мектеп оқушыларына экологиялық ойлау, қалдықты сұрыптау, қайта өңдеу және

жасыл инновациялар бойынша мастер-класстар өткізеді.

ҚазҰУ SDG (Тұрақты даму мақсаттары) бағдарламасына қосылып, білім беру, зерттеу және халықаралық консультациялар арқылы БҰҰ-ның 17 тұрақты даму мақсатын насихаттайтын жетекші мекеме ретінде танылады. Университет студенттік қауымдастықтармен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік ЖОО-лармен белсенді ынтымақтастық жүргізуде.

ҚазҰУ-дың ғылыми ұжымы жасанды жер серіктерді әзірлеу және іске қосу жобаларымен, ауыл шаруашылығы мен экология мәселелерін шешетін нанотехнологиялармен белсенді айналысуда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру, ғылым, ESG және кәсіпкерлікті бір арнаға тоғыстыра отырып, Қазақстанның орнықты дамуына үлес қосатын заманауи университет моделін қалыптастыруда. Университет студенттерге - идеяларын жүзеге асыруға, бизнеске - ғылыми ресурстар мен кадрлық әлеуетке, ал қоғамға - инновациялар мен тұрақты даму шешімдеріне жол ашады.

ГАЛИЯ ДАУЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Экономика кафедрасының меңгерушісі
Улжан Бекмуратова,
«Экономика» мамандығының магистранты,

Белгілі қаламгер Шерхан Мұртаза айтқандай, «алпыс – талтүс». Бұл – еұмырдың ең бір салмақты, парасат пен пайым таразыға түсетін кемел шағы

Алпыс жасқа жету – уақыттың еншісі, ал сол жасқа елге сіңірген еңбегімен, абыроймен жету – маңдайға жазылған мәртебе. Бұл – адамның өмірдің тереңіне бойлап, жинаған тәжірибесін халық игілігіне жарата алатын кезеңі. Осындай мерейлі белеске толымды табыспен келген азаматтың бірі – Ерлан Қазбекұлы. Ол – өз саласын терең меңгерген білікті ұстаз, отандық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосқан, шәкірт тәрбиесін өмірлік мұрат еткен зиялы тұлға.

Ерлан Қазбекұлы 1965 жылдың желтоқсан айында Талдықорған облысы, Қапал ауданына қарасты Көшкентал ауылында дүниеге келген. Әкесі Қазбек Оспанғалиұлы ұзақ жыл бойы мал дәрігері болып еңбек етсе, анасы Орынбасар Нүкенова сауда саласында адал қызмет атқарды. Ауылына сыйлы, ағайын-туысқа жанашыр болған ата-анасының өмірлік ұстанымы оның адамдық болмысының қалыптасуына берік негіз қалады. Ол – әулеттің көнже перзенті, алдында бір әпкесі мен екі ағасы бар.

1983 жылы Көшкентал орта мектебін үздік тамамдаған Ерлан Қазбекұлы Қарағанды педагогикалық институтына



Кемел шақтың келбеті

(Ерлан Қазбекұлы 60 жаста)

оқуға түсіп, «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімі» мамандығын игерді. 1991 жылы жоғары оқу орнын үздік дипломмен аяқтап, сол жылы-ақ ұстаздық жолға қадам басты. Ал 1991 жылдың 25 тамызынан бастап Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде үздіксіз еңбек етіп келеді. Бір оқу ордасында отыз жылдан астам уақыт табан аудармай қызмет ету – үлкен адалдық пен жауапкершіліктің айқын көрінісі. Осы жылдар ішінде ол ұстаздықты да, ұйымдастырушылық қызметті де қатар алып жүріп, оқу орнының дамуына елеулі үлес қосты.

2007 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атанды. Бұл – ұзақ жылғы ғылыми ізденістің нәтижесі.

2012–2016 жылдары Дене



шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі әрі спорт клубының басшысы қызметін атқарып, жастарды отаншылдыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлді. Осы еңбегі үшін 2012 жылы «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Сол жылы жас спортшыларды тәрбиелеудегі қажырлы еңбегі де еленіп, салалық марапатқа ие болды.

2015 жылы «Семей мемлекеттік медициналық университетінің профессоры» атағы беріліп, ғалым еңбегіне жоғары баға берілді. Ал 2017 жылы Жетісу университетінде 16 спорт түрінен өткен республикалық универсиада оқу орны тарихындағы айтулы оқиғаға айналып, университет беделін биіктетті.

Ғылыми ізденіс пен кәсіби білімді ұштастырған ұстаз 2022 жылы «Педагогика» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағына ие болды. 2016 жылдан бері Дене шынықтыру және өнер факультетінің деканы қызметін абыроймен атқарып келеді. Осы жылдар ішінде 80-ге жуық ғылыми мақала, 10 оқу-әдістемелік құрал және 3 монографияның авторы атанды.

Ерлан Қазбекұлы қызметте ғана емес, отбасында да үлгілі азамат. Жары Динара Жүнісовамен шаңырақ құрып, үш бала тәрбиелеп өсірді. Тұңғышы Диас Маңғыстау облысының Экономикалық тергеу департаментінде қызмет атқарса, қаржы саласында білім алған Назерке Ерланқызы да өз орнын тапқан.

Көнже ұлы Әмір Қазбек Жапония мемлекетінің грантымен Токио халықаралық университетінде «Цифрлық бизнес және инновация» мамандығы бойынша білім алуда. Бұл – ұстаз еңбегімен қатар, әкелік тәрбиенің де жемісі.

Бүгінде оның шәкірттері елдің әр саласында абыройлы қызмет атқарып жүр. Мемлекеттік басқару, спорт, мәдениет пен білім саласында жүрген түлектерінің әр жетістігінде ұстаз еңбегінің, берген тәрбиесінің ізі бар.

Алпыс жас – маңдай тердің өтеуі, парасаттың асқары. Ұлағатты ұстаз, беделді ғалым Ерлан Қазбекұлы осы уақыт ішінде ел білімінің дамуына, ғылымның өркендеуіне, жас ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосты. Бұл енегелі жол алдағы уақытта да жалғасын табуы анық.

Ілияс Жансүгіровтің «Ұстаз – адам жанының сәулетшісі» деген сөзі дәл осындай тұлғаларға арналғандай. Ерлан Қазбекұлы – осы биік бағаға әбден лайық, ғұмыры ғибратқа толы азамат.

Мадвақас МЫРЗАХАНОВ,
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
шығармашылық кафедрасы



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 11-72

Индекс 64568